

ЖЕКЕ МЕМОРАНДУМ

Уәкілетті органның мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекетті тіркеуі инвесторларға мемлекеттік емес облигацияларды сатып алуға қатысты, жеке меморандумда сипатталған қандай да болсын ұсынымдар беруді білдірмейді және осы құжатта қамтылған ақпараттың дәйектілігін растамайды.

Эмитенттің лауазымды тұлғалары онда берілген барлық ақпараттың дәйектілігін және эмитент пен оның орналастырылатын мемлекеттік емес облигацияларына қатысты инвесторларды жаңылдыруға әкеп соқтырмайтынын растайды.

1. Облигациялар шығарылымы облигациялық бағдарламаның проспектісіне сәйкес жүзеге асырылатыны туралы ақпарат (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға сәйкес эмитенттің толық атауы (Қазақстан Республикасының бейрезидент - эмитенті үшін) немесе заңды тұлға ретінде тіркелгенін растайтын өзге құжатқа сәйкес (Қазақстан Республикасының резидент эмитенті үшін) эмитенттің толық атауы)

Толық атауы

Қазақ тілінде	"Банк ЦентрКредит" Акционерлік қоғамы
Орыс тілінде	Акционерное общество "Банк ЦентрКредит"
Ағылшын тілінде	Joint stock company «Bank CenterCredit»

Қысқартылған атауы

Қазақ тілінде	"Банк ЦентрКредит" АҚ и/или "БЦК" АҚ
Орыс тілінде	АО "Банк ЦентрКредит" и/или АО "БЦК"
Ағылшын тілінде	JSC «Bank CenterCredit»

2. Эмитенттің бизнес-сәйкестендіру нөмірі

980640000093

3. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер:

1) облигациялардың түрі, облигациялардың саны және облигациялар шығарылымның жалпы көлемі.

- облигациялардың түрі: Қамсыздандырусыз купондық облигациялар.
- облигациялардың саны: 100 000 000 (Бір жүз миллион) дана
- облигациялар шығарылымның жалпы көлемі: 100 000 000 000 (Бір жүз миллиард) Теңге

Егер облигациялар өтеу мерзімі жоқ облигациялар болып табылса, бұл туралы мәліметтер көрсетіледі

облигациялардың өтеу мерзімі бар

2) бір облигацияның номиналды құны (егер бір облигацияның номиналды құны индекстелген шама болса, онда бір облигацияның номиналды құнын есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі)

1 000 (Бір мың) Теңге

3) облигацияның номиналды құнының, облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы

Теңге



4) облигациялар бойынша негізгі сыйақы мөлшерлемесінің және ол болған жағдайда қосымша сыйақы мөлшері

облигациялар бойынша негізгі сыйақы мөлшерлемесінің: Облигациялар айналысының бүкіл кезеңіне бекітілген және "Қазақстан қор биржасы" АҚ-тың ішкі ережелеріне сәйкес ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында өткізілетін облигацияларды орналастыру бойынша алғашқы өткізілген сауда-саттықты өткізу қорытындылары бойынша айқындалатын болады.

қосымша сыйақы мөлшері: 0 %

Қосымша сыйақы төленген жағдайда облигациялар бойынша қосымша сыйақы алудың басталуына немесе басталмауына байланысты болатын оқиғалар туралы ақпарат көздерін көрсете отырып, облигациялар бойынша қосымша сыйақы мөлшерін айқындау тәртібі көрсетіледі.

Облигациялар бойынша қосымша сыйақы көзделмеген.

Облигацияларды өзге де мүліктік құқықтармен өтеу кезінде сыйақы және номиналды құн төленген жағдайда, осы құқықтардың, олардың сақталуын қамтамасыз ету тәсілдерінің, бағалау тәртібінің және көрсетілген құқықтарды бағалауды жүзеге асыруға құқылы тұлғалардың сипаттамасы, сондай-ақ осы құқықтардың өту тәртібі келтіріледі.

Облигацияларды өтеген кезде сыйақы мен номиналды құнды төлеу өзге мүліктік құқықтар арқылы жүргізілмейді.

5) сыйақыны төлеу кезеңділігін және (немесе) сыйақыны төлеу күнін және сыйақыны алу тәсілін көрсете отырып, облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары

облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары: Облигациялар бойынша купондық сыйақыны төлеу облигациялар айналысы басталған күннен бастап олардың барлық айналыс мерзімі ішінде қатарынан әрбір 6 (Алты) ай сайын жылына 2 (екі) рет жүргізіледі.

Облигациялар бойынша сыйақы төлеу облигациялар айналысы басталған күннен басталады. Сыйақыны есептеу облигациялар айналысының барлық кезеңі ішінде жүргізіледі және облигациялар айналысы кезеңінің соңғы күні аяқталады.

Сыйақы алуға купондық сыйақы төленетін кезеңнің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша Эмитенттің бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдері жүйесінде тіркелген тұлғалар құқылы (уақыты және облигация ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізетін Орталық депозитарийдің орналасқан жері бойынша) (бұдан әрі – тіркелген күні).

Облигациялар бойынша купондық сыйақыны төлеу тіркелген күннен кейінгі күннен бастап 10 (Он) жұмыс күні ішінде облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына ақша аудару арқылы теңгемен жүргізіледі. Облигациялар бойынша төлем жасалатын күнге сыйақы келесі формула бойынша есептеледі:

Облигациялар бойынша сыйақы = $k * n * c / 360 * 180$, мұнда

k - облигациялар саны, данамен;

n - бір облигацияның номиналды құны, теңгемен;

c - сыйақы мөлшерлемесі, %-бен.

Үтірден кейінгі белгілердің саны және дөңгелектеу тәсілі "Қазақстан қор биржасы" АҚ ішкі құжаттарына сәйкес анықталады. Сыйақының соңғы төлемі облигациялар бойынша борыштың негізгі сомасын төлеумен бір мезгілде жүргізіледі.

Облигациялар бойынша сыйақы (купон) төлеу айналыстың барлық кезеңі ішінде 360/30 (Жылына үш жүз алпыс күн/Айына отыз күн) уақыт базасы есебінен жүргізіледі.

Эмитент барлық төлемді (сыйақы төлемдерін және негізгі борыш сомаларын) Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен (теңгемен) қолма-қол ақшасыз тәртіппен жүзеге



асырады.

сыйақыны төлеу кезеңділігін: Жарты жылда

6) облигациялар айналысының басталу күні және мерзімі (облигацияларды өтеу мерзімінсіз шығарған жағдайда айналыс мерзімі көрсетілмейді)

"Қазақстан қор биржасы" АҚ-тың ішкі ережелеріне сәйкес ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында өткізілетін облигацияларды орналастыру бойынша алғашқы өткізілген саудасаттықты өткізу күні облигациялар айналысының басталу күні болып табылады. Облигациялар айналысының басталған күні туралы ақпаратты Эмитент "Қазақстан қор биржасы" АҚ (www.kase.kz) ресми интернет-ресурсында жариялайтын болады. Облигациялар айналысының аяқталған күні облигациялар айналысы кезеңінің соңғы күні болып табылады.

Облигациялар айналысының мерзімі: айналыс басталған күннен бастап 5 (бес) жыл.

облигациялар мерзімі

Жылдар: 5

Айлар: 0

Күндер: 0

7) облигацияларды өтеу күні және тәсілі (облигацияларды өтеу мерзімінсіз шығарған жағдайда толтырылмайды)

облигацияларды өтеу күні

Облигациялар айналысы басталған күннен бастап 5 (Бес) жыл өткен соң облигациялар айналысы кезеңінің соңғы күнінен кейінгі күн облигацияларды өтеу күні болып табылады.

облигацияларды өтеу тәсілі

Облигациялар облигация айналысы кезеңінің соңғы күнінен кейінгі күннен бастап 10 (Он) жұмыс күні ішінде облигациялар айналысы кезеңінің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша облигациялар ұстаушылардың тізілімінде тіркелген облигация ұстаушылардың банктік шоттарына ақша аудару арқылы соңғы купондық сыйақыны бір мезгілде төлей отырып, облигациялардың номиналды құны бойынша өтеледі.

8) облигациялар айналысын жүргізу жоспарланып отырған нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы)

Облигациялардың айналысы ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында жоспарланады.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Эмитент облигациялар айналысында қандай да бір шектеулерді, облигацияларды ықтимал ұстаушыларға қатысты, оның ішінде Эмитенттің байланысты тараптары болып табылатын тұлғаларды қоса алғанда, олардың арасында облигацияны орналастыру болжанатын тұлғалар тобына қатысты



шектеулерді болжамайды.

4. Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу тәртібі мен шарттары

Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігі көзделген жағдайда, облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу құны (құнын айқындау тәртібі), эмитент облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуі мүмкін не облигациялардың иелері облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу туралы талапты, эмитенттің облигацияларды мерзімінен бұрын өтеудің шарттары мен қорытындылары туралы ақпаратты ашу тәртібін, сондай-ақ облигацияларды шығару туралы шешімде көзделген, эмитенттің қалауы бойынша немесе облигациялар иелерінің талап етуі бойынша мерзімінен бұрын өтеу жүзеге асырылатынына қарай облигацияларды мерзімінен бұрын өтеудің өзге де талаптары көрсетіледі. Егер эмитент облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігін көздеме, бұл мән-жай көрсетіледі.

Облигациялар айналысының бүкіл мерзімі ішінде Эмитент Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес олар бойынша жинақталған сыйақыны бір мезгілде төлей отырып, облигацияларды номиналды құны бойынша мерзімінен бұрын (толық немесе ішінара) өтеуге құқылы.

Эмитент Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу күніне дейін 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын "Қазақстан қор биржасы" АҚ-тың (www.kase.kz), Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында және Эмитенттің (www.bcc.kz) корпоративтік интернет-ресурсында ақпараттық хабарламаларды жариялау арқылы Облигация ұстаушыларға облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуді іске асыру тәртібі, талаптары және мерзімі туралы хабарлайды.

Облигацияларды өтеу қорытындылары туралы жарияланған мәліметтер мен хабарламаларда Қазақстан Республикасының заңнамасында, "Қазақстан қор биржасы" АҚ және "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ ережелерінде көзделген мәліметтер қамтылуы тиіс.

Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеген кезде номиналды құн мен жинақталған сыйақы алуға Эмитент Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу басталатын күннің алдындағы күннің басындағы жағдай бойынша облигацияларды ұстаушылар тізілімінде тіркелген тұлғалар құқылы.

Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу облигациялар мерзімінен бұрын өтелген күннен бастап 20 (Жиырма) жұмыс күні ішінде жинақталған сыйақыны бір мезгілде төлей отырып, номиналды құны бойынша теңгемен жүзеге асырылады.

Эмитент барлық төлемді (сыйақы төлемдерін және негізгі борыш сомаларын) Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен (теңгемен) қолма-қол ақшасыз тәртіппен жүзеге асырады.

5. Арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылған кезде жобалық қаржыландыру кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:

- 1) ақшалай талаптардың сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің талаптары және болжанатын мерзімдері*
- 2) облигациялар ұстаушыларға негізгі шарт бойынша жасалған мүліктің меншік иесінің ауысуы туралы, кредиторлар өкілдерінің арнайы қаржы компаниясының органдарына енгізілуі және олардың өкілеттіктері туралы ақпаратты ұсыну тәртібі*

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



- 3) арнайы қаржы компаниясының жобалық қаржыландыру мәмілесіне қызмет көрсетуге, инвестициялық басқаруға байланысты, бөлінген активтер есебінен жүзеге асырылатын шығыстарының тізбесі
- 4) бір облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған түрлі шығарылымдардың облигацияларын өтеу және сыйақы төлеу тәртібі мен кезектілігі (облигациялық бағдарлама шегінде жеке меморандумда көрсетіледі)
- 5) арнайы қаржы компаниясы банкрот болған кезде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын ұстаушылардың талаптарын қанағаттандыру тәртібі мен кезектілігі

Жатпайды

6. Арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылған кезде секьюритилендіру кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:

- 1) оригинатордың, кастодиан-банктің, инвестициялық портфельді басқарушының, арнайы қаржы компаниясының және басқаға берілген талап ету құқықтары бойынша төлемдерді жинайтын тұлғаның атауы мен орналасқан жері
- 2) секьюритилендіру мәмілесіндегі оригинатор қызметінің мәні, құқықтары мен міндеттері
- 3) талап ету құқықтарының сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің талаптары, тәртібі мен мерзімдері және олардың орындалуына бақылау жасау тәртібі
- 4) бөлінген активтер бойынша уақытша бос түсімдерді инвестициялау тәртібі
- 5) талап ету құқықтары біртектілігінің өлшемишарттары
- 6) бір облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған түрлі шығарылымдардың облигацияларын өтеу және сыйақы төлеу тәртібі мен кезектілігі (облигациялық бағдарлама шегінде жеке меморандумда көрсетіледі)
- 7) арнайы қаржы компаниясы банкрот болған кезде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын ұстаушылардың талаптарын қанағаттандыру тәртібі мен кезектілігі

Жатпайды

7. Эмитенттің шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын мүлкі туралы мәліметтер:

- 1) осы мүлктің құнын көрсете отырып шығарылған облигациялар бойынша қамтамасыз етудің сипаттамасы

Қолданылмайды.

- 2) қамтамасыз ету құнының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне пайыздық арақатынасы

0%

- 3) кепіл затын өндіріп алу тәртібі

Осы шығарылымның облигациялары қамтамасыз етілген болып табылмайды.

8. Атауын, орналасқан жерін, кепіл шартының деректемелерін, кепілдік мерзімі мен талаптарын көрсете отырып, кепілдік берген банктің деректері (егер облигациялар кепілдікпен қамтамасыз етілсе)



9. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты

1) Эмитент облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаттары көрсетіледі

Облигацияларды орналастырудан түскен қаражатты Эмитент "жасыл" қаржыландыру саласындағы қазақстандық және халықаралық танылған қағидаттар мен стандарттарға сәйкес келетін "ірі бизнес" сегментінің бизнес-клиенттерінің қолайлы "жасыл" жобаларын қаржыландыруға және/немесе қайта қаржыландыруға (ішінара немесе толық) бағыттайтын болады. Жобаларды іріктеу "Банк ЦентрКредит" АҚ "жасыл" қаржыландыру саясаты эмитентінің ішкі құжатына сәйкес жүзеге асырылатын болады.

2) "Жасыл", әлеуметтік облигациялар, орнықты даму облигациялары және орнықты дамуға байланысты облигациялар шығарылған жағдайда эмитентте облигациялар шығару жөніндегі негіздемелік бағдарламаның болуы туралы ақпарат көрсетіледі

"Банк ЦентрКредит" АҚ "жасыл" қаржыландыру саясаты Эмитенттің Директорлар кеңесінің (Эмитенттің Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 30 шілдесіндегі № 0730/1 отырысының хаттамасы) шешімімен бекітілген, Эмитенттің "жасыл" облигациялардан түскен қаражатты пайдалану саласындағы қызметінің жалпы ережелерін, бағыттарын, негізгі қағидаттарын, мақсаттары мен міндеттерін айқындайды.

3) "Жасыл" облигациялар шығарылған жағдайда, облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсатының Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3-тармағында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат көрсетіледі

Облигацияларды орналастырудан түскен қаражатты Эмитент "жасыл" қаржыландыру саласындағы қазақстандық және халықаралық танылған қағидаттар мен стандарттарға сәйкес келетін "ірі бизнес" сегментінің бизнес-клиенттерінің қолайлы "жасыл" жобаларын қаржыландыруға және/немесе қайта қаржыландыруға (ішінара немесе толық) бағыттайтын болады. Жобаларды іріктеу Эмитенттің "Банк ЦентрКредит" АҚ жасыл қаржыландыру саясаты ішкі құжатына сәйкес жүзеге асырылатын болады, жобалардың нысаналы мақсаты Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 20-1-бабы 3-тармағының талаптарына сәйкес келетін болады.

4) Әлеуметтік облигациялар шығарылған жағдайда қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын әлеуметтік міндеттерді іске асыруға бағытталған тиісті жобаның қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ оның Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 4-тармағында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі

Осы шығарылымның облигациялары әлеуметтік облигациялар, тұрақты даму облигациялары, тұрақты дамуға байланысты облигациялар немесе инвестициялық облигациялар болып табылмайды.

5) Орнықты даму облигацияларын шығарған жағдайда қаржыландыруға (іске асыруға) осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын "жасыл" және әлеуметтік жобалардың үйлесімінің қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ олардың Бағалы

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3 және 4-тармақтарында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі

Осы шығарылымның облигациялары әлеуметтік облигациялар, тұрақты даму облигациялары, тұрақты дамуға байланысты облигациялар немесе инвестициялық облигациялар болып табылмайды.

б) "Жасыл", әлеуметтік облигациялар және орнықты даму облигациялары шығарылған жағдайда қосымша:

қаржыландыру үшін осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылған жобаны іске асыру барысы туралы ақпаратты ашуды эмитент жүзеге асыратын ақпарат көздері

Эмитенттің Облигацияларды орналастырудан түскен қаражатты пайдалану қорытындылары туралы ақпаратты корпоративтік интернет-ресурсында (www.bcc.kz) жүзеге асыратын болады.

егер қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылған жоба Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3 және 4-тармақтарында белгіленген жобаларға сәйкес келмейтін болса, эмитент қолданатын шаралар көрсетіледі

Эмитент "жасыл" жобалар бойынша қарыз қаражатының мақсатына сай пайдаланылуын бақылауды Банктің ІНҚ-на сәйкес мерзімді негізде жүзеге асырады. Егер қаражаттың мақсатына сай пайдаланылуын бақылау нәтижелері бойынша Эмитент нысаналы мақсатқа сәйкес еместігі туралы қорытындыға келсе, онда жоба "жасыл" жобалар тізілімінен алып тасталады.

Егер қандай да бір себептермен "жасыл" облигацияларды орналастыру аясында қаржыландырылған немесе қайта қаржыландырылған жобалардың жиынтық сомасы айналыстағы "жасыл" облигациялардың жалпы сомасынан аз болса, Эмитент қысқамерзімді және өтімді құралдардан тұратын қазынашылық өтімділік портфеліне жасалатын инвестициялау арқылы Банктің өтімділігін басқару саясатына сәйкес бөлінбеген соманы басқаратын болады. Бұл кезде Банк жасыл қаржы құралдарын орналастырудан бос қаражатты қолайлы жобаларға тезірек бағыттау жөніндегі іс-шараларды іске асырады.

7) Орнықты дамуға байланысты облигациялар шығарылған жағдайда:

эмитент алдын ала белгілеген оларға қол жеткізу мерзімдерін көрсете отырып, орнықты даму саласындағы қызметтің нақты нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау үшін пайдаланылатын тиімділіктің негізгі көрсеткіштері

Осы шығарылымның облигациялары әлеуметтік облигациялар, тұрақты даму облигациялары, тұрақты дамуға байланысты облигациялар немесе инвестициялық облигациялар болып табылмайды.

көрсетілген көрсеткіштерді есептеу әдістемесі

Осы шығарылымның облигациялары әлеуметтік облигациялар, тұрақты даму облигациялары, тұрақты дамуға байланысты облигациялар немесе инвестициялық облигациялар болып табылмайды.

эмитент қол жеткізген жағдайда қолданысқа енетін, орнықты дамуға байланысты

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



облигациялардың қаржылық және (немесе) құрылымдық сипаттамалары

Осы шығарылымның облигациялары әлеуметтік облигациялар, тұрақты даму облигациялары, тұрақты дамуға байланысты облигациялар немесе инвестициялық облигациялар болып табылмайды.

эмитент өзі белгілеген негізгі көрсеткіштердің орындалуы туралы ақпаратты ашуды жүзеге асыратын ақпарат көздері сипатталады

Осы шығарылымның облигациялары әлеуметтік облигациялар, тұрақты даму облигациялары, тұрақты дамуға байланысты облигациялар немесе инвестициялық облигациялар болып табылмайды.

8) Орналастырудан түскен ақша жобаны қаржыландыруға бағытталатын инвестициялық облигациялар шығарылған жағдайда, осы жобаның қысқаша сипаттамасы келтіріледі

Осы шығарылымның облигациялары әлеуметтік облигациялар, тұрақты даму облигациялары, тұрақты дамуға байланысты облигациялар немесе инвестициялық облигациялар болып табылмайды.

10. Облигация ұстаушыға берілетін құқықтар

- 1) жеке меморандумда көзделген тәртіппен және мерзімде өтеген кезде облигациялардың номиналды құнын алу құқығы;
- 2) жеке меморандумда көзделген мерзімде және мөлшерде облигациялар бойынша купондық сыйақы алу құқығы;
- 3) Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жай-күйі туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сондай-ақ Эмитенттің ішкі қағидаларында және "Қазақстан қор биржасы" АҚ талаптарында көзделген тәртіппен және мерзімде алу құқығы;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жеке меморандумда көзделген жағдайларда Эмитенттің облигацияларды сатып алуын талап ету құқығы;
- 6) облигацияларды еркін иеліктен шығару және өзгеше түрде билік ету құқығы.

Облигацияларды өтеу мерзімінсіз шығарған жағдайда мемлекеттік емес облигацияларды ұстаушылардың облигацияларды өтеу мерзімінсіз, оның ішінде Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында көзделген негіздер бойынша сатып алу туралы талап қоя алмайтыны туралы мәліметтер көрсетіледі.

Эмитенттің банк болып табылатынын есепке алғанда, Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 15-бабының 2-тармағының талаптары Эмитентке қатысты қолданылмайды.

Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 18-4-бабының 2-тармағының 1) және 2)-тармақшаларында көзделген жағдайларда облигация ұстаушылар өздеріне тиесілі облигацияларды сатып алуды талап етуге құқылы.

Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 18-4-бабының 2-тармағының 1) және 2)-тармақшаларында көзделген жағдайлар туындаған кезде Эмитент орналастырылған облигацияларды келесі бағалардың ең көбі бойынша сатып алуға міндетті:

-жинақталған, бірақ төленбеген сыйақыны ескере отырып, мемлекеттік емес облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға;

-қор биржасының сауда жүйесіне айналысқа жіберілген қаржы құралдарын бағалау әдістемесіне сәйкес айқындалған мемлекеттік емес облигациялардың нарықтық бағасы (осындай баға болған кезде);

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



-Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес бағалаушы айқындаған баға (егер эмитенттің облигациялары ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналысқа түспесе).

Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 18-4-бабының 2-тармағының 1) және 2)-тармақшаларында көзделген сатып алу негіздерінің кез келгені туындаған жағдайда Эмитент аталған негіздер туындаған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде "Қазақстан қор биржасы" АҚ (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында, Эмитенттің (www.bcc.kz) корпоративтік интернет-ресурсында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы облигацияларды сатып алу үшін негіздеменің туындауы туралы ақпаратты облигация ұстаушылардың назарына жеткізеді.

Жоғарыда көрсетілген ақпараттық хабарламаны бірінші жариялаған күннен кейінгі 10 (он) жұмыс күні ішінде облигация ұстаушылар сатып алуға мәлімделген облигациялардың санын көрсете отырып, Эмитенттің атына сатып алу туралы жазбаша өтініш беруге құқылы, ал Эмитент оны қабылдауға міндетті. Облигацияларды сатып алу облигация ұстаушылар берген жазбаша өтініштердің негізінде ғана жүргізілетін болады. Сатып алуға жазбаша өтініш бермеген облигация ұстаушылардың осы жеке меморандумның талаптарында көзделген осы шығарылымның айналыс мерзімі аяқталғаннан кейін өздеріне тиесілі облигациялардың өтеп алуға құқылы.

Облигацияларды сатып алу туралы кемінде бір жазбаша өтініш алынған жағдайда, Эмитенттің Директорлар кеңесі сатып алуға жазбаша өтініштерді қабылдау кезеңінің соңғы күнінен кейінгі 30 (Отыз) күнтізбелік күн ішінде облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдауға міндетті.

Эмитент Эмитенттің Директорлар кеңесі аталған шешімді қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде "Қазақстан қор биржасы" АҚ (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында, Эмитенттің (www.bcc.kz) корпоративтік интернет-ресурсында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы облигация ұстаушылардың назарына осындай шешімнің қабылданғаны туралы ақпаратты жеткізуге міндетті.

Эмитенттің Директорлар кеңесінің облигацияларды сатып алу туралы шешімі және осы тармақта көрсетілген сатып алу туралы жарияланған ақпараттық хабарлама мынадай мәліметтерді қамтиды:

- осы бағаны есептеу тәртібін көрсете отырып, облигацияларды сатып алу жүргізілетін баға;
- сатып алынатын облигациялардың саны;
- облигацияларды сатып алу күні;
- есеп айырысу тәртібі;
- Эмитенттің облигацияларды сатып алуын ұйымдастыру үшін қажетті өзге де ақпарат.

Эмитент орналастырылған облигацияларды Эмитенттің Директорлар кеңесінің облигацияларды сатып алу туралы тиісті шешімі жарияланғаннан кейін 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде сатып алады.

11. Облигациялар бойынша сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған кезде облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімдерін, оның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттарын қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда эмитент қолданатын шаралар

Дефолт – облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамау. Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиға (бұдан әрі – Дефолт оқиғасы) – негізгі борышты және (немесе) купондық сыйақыны төлеу үшін осы жеке меморандумда көзделген мерзімде Эмитенттің негізгі борыш және (немесе) облигациялар бойынша купондық сыйақы сомасын төлеу жөніндегі міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамауы.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



Егер Эмитенттің сыйақыны және/немесе номиналды құнды төлеуін не "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ-тың заңнамада және онымен жасалған шартта белгіленген тәртіппен және мерзімде облигация ұстаушылардың тізілімін Эмитентке бермеуін мүмкін етпейтін мұндай төлемеу және/немесе толық төлемеу Эмитенттің облигация ұстаушының банктік шотының дәйексіз не толық емес деректемелерін алуының нәтижесі болса, Эмитенттің сыйақыны және/немесе облигациялардың номиналды құнын төлемеуі не толық төлемеуі облигациялар бойынша дефолт болып табылмайды.

Егер бұл орындамау еңсерілмейтін күш жағдайларының салдары болып табылса, Эмитент облигациялар бойынша өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары деп олардың басталуын болжау немесе алдын алу мүмкін болмаған мән-жайлар (дүлей құбылыстар, әскери іс-қимылдар, тыйым салу немесе шектеу сипатындағы уәкілетті органдардың актілері және т.б.) түсініледі. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда Эмитенттің осы жеке меморандумда көзделген өз міндеттемелерін орындау мерзімі осындай мән-жайлар мен олардың салдары қолданылатын уақыт кезеңіне сәйкес кейінге шегеріледі.

Облигациялар бойынша дефолт оқиғасы басталған жағдайда Эмитент Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақша міндеттемесін орындау күніндегі базалық мөлшерлемесін немесе оның тиісті бөлігін (нақты төлем күні) негізге ала отырып, әрбір мерзімінен кешіктірілген күн үшін (тұрақсыздық айыбын есептеудің соңғы күні нақты төлем күні болып табылады) облигация ұстаушыларға тұрақсыздық айыбын есептеуге және төлеуге міндетті.

Эмитент дефолттан қолайлы шығуды айқындау мақсатында облигация ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізуге бастамашылық жасайды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орындаудың тиісті көлемі мен мерзімін көрсете отырып, облигация ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлейді. Облигациялар бойынша дефолт болған жағдайда Эмитент қабылдайтын шаралар Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін кез келген қайта ұйымдастыру, ұйымдық-шаруашылық, басқару, инвестициялық, техникалық, қаржы-экономикалық, құқықтық және өзге де шараларды қоса алғанда, Эмитенттің төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге және облигациялар бойынша берешекті өтеуге бағытталатын болады. Міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттарын Эмитент келіссөз жүргізу арқылы облигация ұстаушылармен келіседі. Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау туралы шешімін Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кредиторлардың келісімімен, оның ішінде оны ұстаушыға берілетін облигация құқықтарын ескере отырып қабылдайды. Облигациялар бойынша дефолт оқиғасы басталған кезде Эмитент Дефолт оқиғасын туғызған себептерді жою және облигация ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін барлық күш-жігерін жұмсауға міндеттенеді.


Дефолт оқиғасы болған жағдайда Эмитент тиісті оқиға басталған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде облигациялар бойынша дефолттың туындау себептерін, орындалмаған міндеттемелердің көлемін, Эмитентке қойылатын талаптардың айналыс тәртібін қоса алғанда, Эмитенттің облигация ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі ықтимал іс-қимылдарын, сондай-ақ өз міндеттемелерін орындау үшін Эмитент қабылдайтын шараларды және Эмитент өзінің міндеттемелері бойынша облигация ұстаушылармен есеп айырысуды жоспарлаған күнді сипаттай отырып, "Қазақстан қор биржасы" АҚ (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында, Эмитенттің (www.bcc.kz) корпоративтік интернет-ресурсында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы облигацияларды ұстаушылардың назарына осы ақпаратты жеткізуге міндетті.

Облигация ұстаушылар Дефолт оқиғасының басталғаны туралы ақпараттық хабарлама алғашқы жарияланған күннен кейінгі 20 (Жиырма) күнтізбелік күн ішінде облигацияларды сатып алу туралы тиісті жазбаша талапты ұсыну арқылы жинақталған купондық сыйақыны ескере



отырып, өздеріне тиесілі облигацияларды сатып алуды талап етуге құқылы. Эмитенттің Директорлар кеңесі облигация ұстаушылардың осы жеке меморандумның тармағында белгіленген жазбаша талапты ұсыну мерзімі өткеннен кейін 40 (Қырық) күнтізбелік күн ішінде Эмитент белгіленген мерзім шегінде облигация ұстаушылардың облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініштерін алған кезде орналастырылған облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдайды. Эмитент Директорлар кеңесі орналастырылған облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Эмитенттің (www.bcc.kz) корпоративтік интернет-ресурсында, "Қазақстан қор биржасы" АҚ (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы облигация ұстаушылардың назарына осындай шешім туралы хабарлайды. Эмитент "Қазақстан қор биржасы" АҚ (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында Директорлар кеңесінің орналастырылған Облигацияларды сатып алу туралы шешімі туралы ақпарат жарияланған күннен кейін 15 (Он бес) күнтізбелік күн ішінде облигация ұстаушының банктік шотына ақша аудару арқылы орналастырылған облигацияны сатып алуды жүзеге асырады.

Уәкілетті тұлға:



Электрондық цифрлық қолтаңба:

ГАБАСОВ ТИМУР РАУФОВИЧ
(тегі, инициалдары)

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

